

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

**АЗАМАТЫМ –  
АРДАҒЫМ**

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**АЗАМАТЫМ –  
АРДАҒЫМ**

**Қарағанды, 2013 ж.**

**УДК 821.512.122**

**ББК 84**

**Ж 27**

**Ж 27 Жанысбай С.**

**Азamatым – ardagым./ С. Жанысбай -**

**Қарағанды: «Арко» баспасы, 2013 - 256 бет.**

**ISBN 978-601-204-148-4**

Жазушы Сүйіндік Жанысбайдың жаңа кітабында облысмызға белгілі ғалымдар мен қаламгерлер туралы көзінде озінің жазған естеліктері мен мақалаларын тоңтастырган. Кітап облыс тарихын зерттеушілер, олқетанушылар мен жалпы оқырман қауым үшін пайдалы болары сөзсіз.

**УДК 821.512.122**

**ББК 84 Қаз-7**

**ISBN 978-601-204-148-4**

**© Жанысбай С., 2013 ж.**

*Біріншій болім*

# ҚАРАГАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ



## **«ДҮРІС БАҒЫТПЕН ЖҮРІП КЕЛЕМІЗ»**



*Елбасымыз Н.Назарбаевтың биылғы жылғы халыққа Жаңашуыны ораи оелгін салым, «Қазақ тұтыну одагы» Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жогары мектептер ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ерқара Балқарағұлы АЙМАГАМБЕТОВКЕ жолығын, қазіргі дағдарыстың барысы, одан шығу жолдары туралы еңгіме қозғады.*

*- Ереке, Сіздің ойыңызша осы дағдарыс неген басталды? Ол озінен-озі пайда болмағы гой. Оған бір жер болған шыгар?*

- Эрине, дағдарыс туралы көп айтуға болады. Қазіргі ақпарат күралдары беттерінде көптеген ғалымдар сөйлеп, өз ойлағын ортаға салып жатыр. Солар дағдарыс Америкадан келді дейді. Ол рас. Ол ипотекалық дағдарыспен байланысты. Одан кейінгі қаржы дағдарысы деп септеделеді. Бұл екеуі енді экономикалық дағдарысқа айналды. Дағдарыстың басты себебі

бұрын наидаланылған, экономикага қайшы әдістемелер қолданылуында болды. Бұрын Дүниес жүзіндегі үлкен дағдарыс 1929-1931 жылдары болған.

Бұл дағдарыс туралы 2000-шы жылдың басында-ақ «2007 жылы дағдарыс болады» деги штегелдік галымдар, Нобель сыйлығының лауреаттары айттын, негізді болжамдар жасаган болатын. Бірақ оған көңіл болғен ешкім жок. Экономикамыз мықты болды. Мұнайдан, газдан ақша түсін жатты. Барлығына баға жақсы болды. Қайда кетіп бара жаттырмыз деген сияқты бағыттымызға, экономиканың секторлары арасындағы қарым-катынасқа болжам жасалып отыруы керек еді. Ондай болжам жасалмауды. Әйткені, мұнайдың болсын, газдың болсын бағасы бірқалыпты тұрмайды. Бір баррель мұнай бір көзде 10 доллар болды, одан соң 40 болды, бірге-бірге 150 АҚШ долларына жетті. Осс берген нарсениң ар жатында бір күннің болары созеіз. Сол көзде баға түсін кеткен шақта не істеп керек дегенге коңіл боліпбей қалды. Одан соң шет сүдерде не істеп жатыр, Ресейде не істеп жатыр деп, жаш-жаққа жаултактау да коп болды.

Қазір осы дағдарысқа байланысты республика колемінде, облыс колемінде, жеке көсіпорындар колемінде бағдарламалар қабылданып жатыр той. Біздің оқу орнымыз экономикалық университет болғандықтан ғалымдарымыз солардың барлығына пазар аударып, студенттерге сабак беріп жатыр. Мен де үнемі қадағалаң, талдау жасап отырамын. Сол туралы мен облыс әкімшілік бірінші орынбасарына өз үсінисымды бердім және облыс әкімшінің 7 ақпан күні откен халық алдындағы есебінде осы макроэкономикалық дағдарыс туралы өз ойымды ортаға салдым.

*- Жаңа бір сөзінде экономикага қайшы келетін әдістемелер қолданылғанын айтып кеттіңіз. Соны таратат түссеңіз.*

- Дағдарыстың пайда болуының бірнеше себебі бар. Ол туралы әзір ешкім айтпай жүр. Соның ішіндс ипотекалық

дағдарыс, иссиелік және (оны «дефолттық сюни» деп атайды) тексеруден өтпеген, яғни, тәжірибеде бұрын болып көрмеген қаржылық әдістемелер мен тетіктерді пайдаланудың және басқа да себептердің (деривативтердің) салдарынан экономикалық дамудың жалпы қайталана беруімен, шикізат тауарларына жоғары бағамен, нарық қорының сынаржақ дамуымен байланысты болады.

Дамып келе жатқан экономикада рецессия мен инфляцияның салдарларын атап етуге болады. Саяси экономикалық және геосаяси салдарлар да слусул болады. Шын мәніндегі жаңа экономикалық үлгілер, жаңа институттар құрып, жаңа «ойын үлгілерін» жасап шығаруға болады. Үл өасқа әлем болып шығады.

Біз қазір шоғырлануды, уақытты, таңдауды талап етсін маクロэкономикалық проблемалармен бетпе-бет келіп отырмыз.

- *Дағдарысқа қарсы тұру мақсатында Ұлттық қор құрылды. Бұл туралы тікіріңіз қандай?*

- Бұл дағдарыстан тез шығып кетеміз дең үстірт карауга болмайды. Сол сиякты жағдайымыз қын дес дұрыс смес. Дағдарыстан қысылмай шығуымыз үшін талай шаралар жасалып жатыр. Бұл 90-шы жылдар емес, қазір аяғымыздан тік түрдек кой. Қазіргі экономикамыздың базасы мықты. Соның бірі ұлттық қор. Ол туралы кезінде әр түрлі көзқарастар болған. Тіпті таратып беру керек дегендер де болған. Қазір мұндай қор АҚШ-та да, Ресейде дес құрылған. Норвегияда да бар. Негізінен алғанда әлемнің көптеген елдерінде бар. Сондай қорлардың жұмысын дұрыс жолға қойсак, коптеген іс тындыруға болады.

- *Негізі осы дағдарыс дегениңің өзі банк жүйелерінің неисиені қалай болса, солай бере бергеніңің салдарынан болды дең айтылып та, жазалып та жүр. Сол рас па? Ал енді банктер жүйесі, қазіргі банктік саясат туралы не айттар едіңіз?*

- Оның рас жағы да бар. Дағдарыс тек банктің тегін неисиесіне ғана емес, басқа да жағдайларға байланысты болды.

АҚШ-тың озіндеги ипотекалық несисіні польдік ставкамен сұлдің барлығына бере берінгі. Соның салдарынан жүз мың отбасы банкрот болып, олардың үйлерін тартып алған қойған. Оны экономика тілінде «перегрев» дейді, біздіңде мұны «сыңаржак даму» немесе «ақшаның шамадан асып кетуі» деп аударуға болатын шығар. Ақша тым көп болып кеткен. Мұндаға келешекте жол беруге болмайды.

Казір Қытай мемлекет тарауынан банк жүйесіне ешқандай көмек көрсетпей отыр. Олар не болса – ол болсын дейді. Экспорт саласында да онда көп көмек жасап отырган жоқ. Тек салық жүктемесін аздап томендетті. Қытай экономикасының казіргі бағдары инфрақұрылымдарға жол салу болып отыр. Ауыл шаруашылығын котеруге, ауылдың жағдайын жақсартуға, косымша шаруашылкіштерді, колікті дамытуға, несие беру мәселелеріне қатты қоғыл болішин жатыр.

Бұрын банк жүйесінде «ссудный процент» деген болатын. Сол кезде дс банктер пайда тауып жүрді. Бірақ банкирлердің оздері соңнама жоғары жалалық алған жок болатын. Ал банкирлердің қазіргі еңбексакылары тағы да экономиканың заңдылығына сыймайды. Бұған қоса банктер өздеріне тән міндеттермен айналыспай кетті. Өздерінің активтерін шығарды. Шетелдерге капитал шығара бастады. Қамтамасыз стілмеген несиeler төледі. Шетелдерден көнтеген қарыз алыш қойды. Ондай қарыздарды пайзызымен қайтару керек қой. Мінс, соңдай кезде әлігі біз айтып отырган Әл-ауқат қорының пайдасы зор. Егер бізде үлттық қор болмаған жағдайда мемлекет қалай көмектеседі. Сондықтан да, Елбасымыздың айтып отырганында, сштенсеге алаң болмауымыз қажет. Банкілерде болса миллиондаған адамдардың салымдары жатыр. Оларды уақытымен беріп түру керек. Сонымен қоса, банктерден халық еңбексакысын да уақытымын алуы қажет қой.

- Қазір «девальвация» деп жасатырмыз. Бұл ақшаның, яғни, теңгенің құнсызданды. Біз неге бұлай жасадық? Оның қандай жақсылығы бар?

- Негізінен алғанда, ақшашың құнысыздануы жақсылық смес. Бірақ оның дәл қазіргі жағдайда пайдалы жағтары да бар екен-дігін естен шығармауымыз керек. Қазіргі кездे біз оның тек пайдалы жағын ғана айтып жатырмыз. Ол мынадай · · бізде ин-весторлар бар, өзіміздің ірі-ірі кәсіпорындар бар. Олар мұнай-ды, газды, темірді, мысты бәрібір өндіреді. Бәрібір шетелге сатады. Оны каншаға сатса - оншаға сатсын, бәрібір пайда түседі. Пайда түскен соң мемлекетке салық түседі. Экономи-када қозғалыс пайда болады. Бұл жағынан ол пайдалы.

Екінші жағынан, халыққа қындық келтіреді. Өйткені, тау-арға бағаны қазірдің өзінде көтеріп жатыр. Әсіресе, шетелдер-ден көлестін тауарлар доллармен алынаады.

- *Сонда халықтың ал-ауқат деңгейі томендей беретіш болды гой?*

- Иә, тәмендей береді. Оны Президентіміз де, Премьер-Ми-нистріміз де, халқымыздың өзі де білсіл. Дағдарыска қарсы шаралар сондықтан да қабылданып жатыр. Осы жағын ескер-генде жұмыссыздықты жою, инфляцияның деңгейін қысқарту, сұранысты жандандыру, ішкі нарықты, әр мемлекеттің ішкі нарығын дамыту кажет.

Ал енді өзіміздің ішкі нарығымызда өзіміздің тауарымыздың, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын ұстал тұруға, оның бағасын томендетуге біздің құқығымыз бар.

- *Сонда ғалым ретінде осы макроэкономикалық дагдары-стан шығудың жолы қандай деп ойлайсыз?*

- Бұл дағдарыс бір өндірістің, бір облыстың немесе бір рес-публиканың көлемінде болып отырған жоқ. Ол бүкіл әлемді қамтып отыр. Сондықтан да, үш түрлі мәселеге көніл болу ке-рек. Олар – жұмыссыздық, инфляция және сұраныс пен ұзы-ныс. Бұлар экономикалық тере-тендіктің негізгі элементтері. Сондықтан, онымен Үкімет, Ұлттық банк және Қаржылық қа-дағалау агенттігі (АФН) мықтап айналысуы керек. Егер осы-ларды бакылаудан шығарып алсақ, онда ырыққа бағынбайтын үдеріске айналып кетеді.

**Мұның айналасында да көптеген мәселелер бар. Мәселен, инфляция неге жоғарылаپ кетті. Ол тарифтерге байланысты. Кенес Одағы кезінде экономика саласында «халық шаруашылығының өндірістік шығыны» деген болған. Сол сияқты өндіріс пен тұтыным арасында тепе-тендік, содан соң сибек ресурстары арасында тепе-тендік болған. Сондай тепе-тендіктер қайта айналып келуі керек. Өйткені, инфляцияга, жұмысқа байланысты әрбір тиын есепте болуы қажет.**

Онімнің өзіндік құны екі есеге дейін өсті. Енді жаңа үшін үй салуымыз керек дейді. Осында үй салған дұрыс, салынып та жатыр. Бірақ ол қандай бағамен сатылады? Егер ол дұрыс жолға қойылмаса, онда да сыйайлас жемқорлық түр.

**Осы уақытқа дейін еңбек өнімділігі табыстан жоғары болуы керектігі айтылып келе жатыр. Біздің айналымда жақақы алда, өнімділік томен. Бұл сішқандай заңдылыққа сыймайды.**

«Мұндай жағдайдан қалай шығуға болады?» деген сұралк туындауы орынды. Одан шығудың жолдары көп. Елбасымыздың халыққа Жолдауында және «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласында жан-жақты көрсетілді. Одан артық айту мүмкін емес. Соның біріншісі – экономикалық процестердің қозғалысын талдау, тенденцияларды және жағдайды болжау, дұрыс шешім кабылдау үшін қалыпты тетіктерді және бағалау жүйесін тиімді пайдалану маңызды мәселе болып табылады. Бұл тиісті экономикалық басқару органдарына макроэкономиканың мәселесімен бұрынғыдан да іргелі және жауапты түрде айналысуға мүмкіндік береді. Олар – ішкі несиелендірудің өсу қарқының бақылау, республика және өңір бойынша жинақтың ішкі деңгейіне бақылауды жүзеге асыру, тәлем тепе-тендігімен және жалпы сыртқы қарыз көлемімен байланысты қарыз капиталы мен макро тәуекелдің сыртқы нарығынан арзан қарыз алуға жол бермеу деген сез.

Екіншіден, жұмыссыздықты болдырмау. Ол үшін жүйслі қызмет керек. Мәселен, Қытайда жұмыссыздықты болдырmas үшін қолдан келген шараның барлығын жасап отыр. Соның

өзінде ондағы жұмыссыздық 40 милюон адамға барды дейді. Қазіргі шаралар енгел кешеуілден қалған шығар, дегенмен де біздің экономикамыз тек қана өзіміздің ішкі қызметімізбен шектелмейді. Біз шетелдермен тығыз байланыстағы сліміз. Қала құрайтын «АрселорМиттал» болсын, «Қазақмыс» болсын шетелдерге өнім шығарады. Сондықтан, Қазақстаниң жағдайы басқаларға қарағанда аздан озгешелсө. Тек ішкі экономикамен шектеліп қалмай, шетелдермен байланысты жаңандыра беруіміз қажет.

*- Токсан ауыз сөздің тобықтая түйініп айтқанда, осы дағдарыстан қиналмай шығатын болдық қой. Жалпы, осы дағдарыс шамамен қашша үақытқа соғылтар екен?*

- Оны дәл болжап айту қын мәселе. Сөзіміздің соңында осы дағдарыс дегеннің де зиянымен косы пайдалы жағы бар екендігін айта кетуіміз керек. Өйткені, қазіргі ғылыми-техникалық прогресс кезінде дағдарыс деген бола береді. Оның пайдасы – жаңа мен айтып кеткен алынсатарлықпен пайда табағын ұйымдар болады, солар өзінен-озі кетеді. Жаңа жүйе, жаңа көзқарас пайда болады. Қытайлықтар бұған қуаныш отыр. Кейбір елдерде мұны «қатер» дейтін болса, Қытайда «мүмкіндік» дейді. Адамның ағзасын тазарту үшін қанды жаңартады ғой. Дағдарыс та соған ұқсас. Экономиканы тазартады. Дағдарысты айтып, даурыға беруге болмайды. Көлешекте тек тексерілген, пайдалы әдістемелермен ғана жұмыс істеуді ойластыру қажет. Сонда дағдарыстан аулақ боламыз.

*- Әңгімецізге көп рахмет. Өзіңіз де ғылым жылдарында та-быстағра жетіп, еліміздің экономикасын оркендетуге үлес қоса беріңіз.*

**ЕСКЕРТУ:** Бұл сұхбат Президентіміздің халыққа жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауына және дағдарыс мәселесіне орай 2009 жылғы наурыз айында алынған болатын.

## **ГЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА**



***Елбасы Карагандыға келгенде Фармацевтика зауытына соқпай кептейді.***

Қаламыңда өзінің енбек етіп жүрген ұжымымен бітс қайнасып, соның ыстығына күйіп, сүйгіна тоқатын азаматтар көптеп саналады. Солардың бірі Қараганды фитохимия институтының директоры, КР ҰҒА-ның академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Мынжасарұлы Әдексенов.

Серғазы жасынан алғыр болып өсті. Соның нәтижесінде

мектептегі оқуын да, жоғары оқу орнын да үздік бітірді. Одан соң химия-металлургия институтына қызметке келді. Оның құрамынан органикалық синтез және көмір химиясы институты бөлініп, өз алдына отау тіккен кезде Серғазы жаңа құрылған институтқа ауысып кетті. Өйткені, оның ғылыми ізеністері осы ғылыми-зерттеу институтымен байланысты болатын.



*Президент Н.Назарбаевтың қабылдауында болуы.*

Жас ғалымның ең алғашкы биік белесі осында жүргендегі ғылым кандидаты атағын ойдағыдай қорғап шығуы болатын. Ол сол кезде Қарағанды қаласындағы ең жас ғалым болған еді. Көп ұзамай докторлық диссертацияны да абыраймен қорғады.

Серғазының өміріндегі тағы бір биік белес КР FM-FA Орталық Қазақстан бөлімшесінің ИОСУ табиги қосылыстар лабораториясы негізінде осыдан он жыл бұрын құрылған фитохимия институтына директор болып келуі еді.

Институттың ең әуелгі мақсаты өсімдіктерді зерттеу, олардан дәрі-дәрмек жасау, оны жаппай өндіруді жүзеге асыру-

мен айналысу болды. Сол үшін бірнеше дәріхана ашты. Со-лар арқылы медициналық мекемелер мен тұрғын халықты осімдікten жасалған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп келеді. Қаламыздың 50 гектарға жуық жерді алып жатқан ботаникалық бағы бар. Онда қазіргі кезде пайдалы өсімдіктердің мыңға жуық түрі өсірілетін болса, тоқсанға жуығының емдік және шинаалық қасиеті бар. Ал, жалпы, фитохимия институтының басты мақсаты – дәрілік өсімдіктердің коллекциясын жасау, осімдіктердің генофондың сақтап қалу, осы өсімдіктер бойындағы биологиялық белсенді заттарды зерттеу және оларды дәрі-дәрмек жасау үшін фармацевтика зауытына беру.

Оуелгі кезде жабдықтар жағы жетіспей, қындықтар коргені рас. Ойткені, ол кезде қаржы да тапшы болды. Ал институт шығаратын дәрі-дәрмекке сұраныс өте жоғары еді. Біздің елімізде де басқа елдердегідей бруцеллез, туберкулез, генатит, СПИД аурулары тегін емделеді. Басқасын айтиғаның өзіндегі генатитті емлеу үшін ғана жылына милион таблетка отанцық салынғаннан дәрісі керек екен. Оның шикізаты қадімгі дағы қаңбағы. Қаңбақтың озі 12 түрлі болады. Соның ішінде бүйрарат қаңбағынан алышады. Жалпы алғанда Қазақстанда фармацевтика өндірісі енді ғана дамып келе жатыр. Еліміз тәусілсіздікке қол жеткізген алғашқы кезеңде өзімізде өндірілестін дәрі-дәрмек көлемі жалпы тұтынның 3 пайызын ғана құрайтын. Қазақстан халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін кем дегенде 320 млн. АҚШ доллары қажет екен. Сол үшін фармацевтиканы дамыту қажет, ол үшін ғылымның дамуы қажет. Мұны институт директоры ете жақсы түсіне білді. Сол үшін еңбек етті.

– Қазір фармацевтиканы дамытудың негізі қаланып жатыр. Фармацевтикалық химия дамымай, өсімдіктерді өсіріп-өндіру дамымай, ісіміз алға баспайды. Біздің соған қызмет етіп, соған баса назар аударғанымыз дұрыс. Кадр мәселесінің атқаратын ролі зор. Технологияны игере алатын жастар болуы қажет.

Кезінде біздің республикада тек шикізат қана дайындалып,

олар Батуми, Челябинск, Корған, Барнаул, Томск фармацевтика зауыттарына жіберілетін. Бізде шикізат дайындау ғана болғанымен оны өндеп, дайын дәрі-дәрмек жасайтын таблетка машинасы, ампула дайындаитын және стерилизациялау жабдығы қажет. Ампула түрінен басқа таблетка, суппозитрип және май түріндегі дәрілер бар. Соның бөріне арпайы жабдық қажет. Бір сөзбен айтқанда дәрі онцірісін жолға қою біздің басты мақсатымыз, – деген еді бір сөзіндегі Серғазы Мыңжасарұлы біраз жыл бұрын.

Қазір осы саладағы жұмыс қарқын алған. Оған фармацевтика зауытының пайдалануға беріліп. Оның жұмыс істен жатуы күә болады. Серғазының ғылыми ізденісінің ең басты жемісі арглабин екені сөзіз. Оның осы саладағы ізденісі елеулі белестің бірі болып табылады. Қазір институт осы елсулі жемісті жалғастырып жатыр десек, артық айтқандық болмас.

Бұл «Арглабин» деген тұнғышын отандық дәріні тек тықыр жуссаннан ғана алады. Жалпы, жусанның Қазақстанда 80-неш астам түрі болса, соның ішінде жиырмада жуының өндемикалық болып табылады. Олар басқа жерлерде өсінейді. Американдықтардың, үндістердің, пәкістандықтардың осы Қарағандыға келіп, жусанға «құда түсін» жүргендегі сол. Біраз жыл бұрын осы тықыр жусанды американдық ғалымдар өзлеріне апарып өсіруге тырысқан. Жусан осуін оскенимен, оның құрамында арглабин түзілмей қойған. Бұл біздің табиғаттың және топырақтың ерекшелігінен екені сөзіз. Сондықтан да тықыр жусан Қазақстанның байлығы деп түсіну керек. Арглабин кательлі ісікке қарсы қолданылады. Ол иммундық жүйсінің жұмысын жақсартады. Бұл дәрі бауыр ісігіне, эйелдердің төс ісігіне ем. Осы арглабин жөніндегі жұмыстар АҚШ-тың, Англияның, Пәкістанның ғалымдарымен біргіп жүргізілуде.

Серғазы Мыңжасарұлының өміріндегі ең бір елсулі белес, ұмытылмастай есте қалған бір кезеңі оның Елбасының қызмет бабымен қыбылдауы болатын. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтің жеке қыбылдауында болу үлкен

**мәртебе. Сонымен қоса бұл аса жауапты қабылдау болатын.** Бағытты мақсат - отандық ондірісті одан әрі оркендеуге, оған инвестиция тартуға ерекше пазар аудару еді. Соныңқан, Серғазы Әдекенов Президент алдында жүрекшілестен республика түргышдары мен медицина мекемелерін аса зору және шетелдік дөрі-дәрмекті алмастыратын пренарагтармен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаны жүзеге асыруны мекеменің басқарунысы ретінде фитохимия институтының ғылыми, үйымдастыру және ондірістік қызметті туралы көзінен ақнарат беріп пынгы.

Жас директордың ақнараттарын мұқияттындаған Президент институттың жаңа отандық дөрі-дәрмек ондирин, шетелдік ондірістік алмастыратын пренарагтар ондірісін үйымдастыру мен құру мақсатындағы жұмыстарды тоғызынаң қолданайтындынғын білдірді. Олардың еліміздің түргышдары мен медициналық мекемелерін қамтамасыз етудегі колемін жақындағы үшін жылда 30 найызға дейін жеткізуі тапсырылды. Елбасы жаңа дөрі-дәрмек пренарагтарын жасау мақсатында Тарбагатай тау-ларының бай флорасын фитохимиялық түргышдан зерттеуге және марал мүйізі пантарьның химиялық құрамын зерттеу, оларды дөрі-дәрмекке айналдыратын озіндік емдеу жолдарын жасауга пазар аударуды ұсынды. Қараганды қаласында қуаты жылына 1 млн. ампула болатын фармацевтикалық зауыттың үйымдастырылуы мен оның салынуына ерекше пазар аударатындығын айтқан еді.

Елбасымен кездесу сәті әрқашан бола бермейді. Соныңқан да біраз жайларды ойластырып барған болатын. Мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізетін институттар, кәсіпорындар мен мекемелерге салықты жеңілдету үшін занға өзгерістер енгізу, іргелі ғылыми зерттеулердің каржыландыру көлемін зан жүзінде бесікту, мемлекеттік ғылыми кәсіпорындардың қызметкерлерін бюджеттік және бюджеттесген тыс каржыландыру бойынша жалакы төлеудің тарифтік жүйесін қайта қарау, талапты жас ғалымдарды түрғын

үймен қамтамасыз ету үшін жеңілдікпен несиелер беру мәсслесіне тоқталды.

Бұдан соң Елбасының тікелей тапсырмасы бойынша фармацевтикалық зауыт пайдалануға берілді, қазір оның екінші кезегі салыну үстінде. Қазақстан Үкіметі «Фитопрепараттарды жасау мен оларды өндіріске енгізу және Республика халқын, медициналық мекемелерді отандық, дәрі-дәрмескпен қамтамасыз ету» мақсатты бағдарламасына фитохимия институтын бас мекеме етіп бекітті. Біздің Республика үшін өзекті де маңызды дәрі-дәрмек түрлерінің тізімі негізінен шетелдік синтетикалық препараттардан құралған. Соңыктан, импортты алмастыруға бағытталған зерттесулер стратегиялық жағынан аса маңызды болып табылады. Яғни, ол шетелдік препараттарды алмастыратын тиімділігі жоғары, табиғи оргадан алынған отандық дәрі-дәрмек құруға бұрынғыдан да белсене кірісті. Соның нәтижесінде «Арглабин» әлемдік рынокқа шыққан фитохимия институтының ғана алғашқы препараты емес, бүкіл қазақстандық алғашқы препарат болып табылады. Бүгінде институт әлемнің оннан астам елінде халықаралық патенттеудің екінші ұлттық фазасына шықты. Бұл мемлекеттер «Арглабинді» рак ауруына қарсы қолданылатын қазақстандық жаңа препарат ретінде таныды. Серғазы Әдекеновтің авторлығын бекітті. Сейтіп, қысқа мерзім ішінде қарапайым ғылыми лабораторияның жабық тәуелсіз өндірістік циклы сирек кездесетін ғылыми-өндірістік кешенге айналуы тенденсі жок жағдай болды. Бүгінде «Арглабиннің» әлемдік рыноктағы жалғыз бәсекелесі «Таксол» фитопрепараты болып табылады. Бірақ та оның авторы Серғазы Әдекеновтің әрі досы, әрі әріптесі итальяндық Джiovани Аппендино: «Болашақ «Арглабиндікі», – деп мойындағы. «Таксол» тисс ағашының қабығынан өнделіп алынады. Оның зияндылығы жоғары. Ол ағзадан шықпайтын улы зат. «Арглабин» сияқты ол да рак клеткаларының өсуін тежегенімен, адамның иммунитет жүйесін бұзады.

Сөз сонында айтартымыз – бүкіл әлемді өзіне қаратып оты-

Рұан, қатерлі ісік сырқатының алдын алуға септігін тигізетін «Арғлабиинің» біздің облыста шығарылуды, оның авторы өзіміздің жерлесіміз, талантты ғалым, бүгінгі күні ердің жасы слуге келген Серғазы Мыңжасарұлы Әдекенов екендігі біз үшін үлкен мақтаныш. Ғалымдықпен қоса облыстық Мәслихаттың депутаты болып, қоғамдық іспен қоса айналысуға да уақыт тауып жүрген тынымсыз жанның әлі де талай жаңа-лықтар ашатындығына, халқының денсаулығы үшін талай жұмыс тындыратындығына сенімдіміз. Оған еңбекіне жеміс, өзіне зор денсаулық түлсіміз.

## АРТЫНДА ҚАЛҒАН ІЗІ БАР



Қараганды экономикалық университетінің профессоры, қаржы-экономикалық сырттай-қашықтап оқыту факультетінің деканы Ермекзали Алмажанов барлық гүмірып осы оқу орнының ардагерлерінің бірі, кейінгі жас ұрпақты тәрбиелеге ісіне субелі үлес қосқан азаматтардың бірі еді. Сүм ажыл тырнағын аямаң шешігелден салды – Ерекең сексенеп асқан қарт апасы Шәумен екеудің жол аташынан қайылы қаза тапты,

жары Зәуреш ауыр жаракат алды. Бүгінде Зәукең оңалып келеді, соны қоңылға демеу тұтқан бірге жүрген жолдастары мен туыстары Ерекеңің адамгершілік қасиетін ауызга алуды оздеріне парыз санап отыр.

Қараганды экономикалық университетінің ректоры, Халықаралық жыгары мектеп гылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Ерқара АЙМАГАМБЕТОВ:

- Ермекзали Алмажанұлы университеттің серпінді дамуына барын салып кірісті, қандай қызмет атқармасын ерекше

құлшының танытын, мұлтқісіз орындауга кірісегін. Өзінің лауазымдық қызметін атқара жүріп, үлкен ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды да зор құлшының орындауды. Кон жыл оку орнының нағылайтын басшылық жасады. Мен ол кісіні сонау Мәскеу экономика-статистика институтын бітіріп келгеп 1968 жылдан бастап білемін. Одан соң Ерекен осы оку орнының (қазір олмен мәлім Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және ақираптандыру университеті) аспирантурасын тәмамдаған, «Қазақстандағы статистиканың дамуы» деген тақырынта қандидаттық диссертация корғады. Оның диссертациясы республикамындағы статистиканың пегвизгі жақтарын синтезтеді. Үйрек өздігінен тақырынта бір де бір басылым болмағандықтан, мұндай зерттеудің тек ғылыми-теориялық қана емес, сонымен бірге тәжірибелік мәні де зор болды.

Ерекен ұжым арасында зор беделге не бола отырын, жас мамандардың тәрбисінс, оқытушылардың көсіби шеберлігін арттыру мәселесіне ерекше қоял болетін. Ол деекан ретінде алғашкы болын оку үрдісіне оқытушының пәннелік технологиясын сингізген еді.

Ерекен әрбір адаммен қалай тіл табысады, қандай тақырыннан әзігімелесуді жақсы білсетін. Ұжым мүшелерінің әрбір күнделікті істеріне қамқорлық жасап, мерекесіне шын жүректен қуанатын. Тағы бір ерекшелігі өз әріптестерінің тұган күндері мен мерейтойларына қандай зат сыйлаудың лайықты болатындығын бұлжытпай табатын. Адамның омірінде талай оқиғалар болып жатады ғой. Сондай қуанышты сөтте де, реішті сөтте де кісінің көкейіндегі сөзді дөп басып айтатын.

Ол кісінің отырған жері қашанда концілді болатын. Ермекқали Алмажанұлы ізденімпаз еді. Оны өмірдің барлық жағы: техникалық жаңалықтары да, оқытудағы жаңа шылдық әдістер де, казак халқының мәдени құндылықтары да, діни мәселелер де қызықтыратын. Сондықтан да, біздің Сарыарқа өзінің мәдени қазынасын бағалай білетін, оны жоғары ұстайтын,

онымен мақтанатын бір азаматын жоғалтқаны өкінішті. Өйткені, ол халықтың салты мен дәстүрін жақсы білегін, ері озінің білгенін маңайындағыларға реті келгенде айта отырудан есте жалықпайтын.

Ерекен ұлттық ерекшеліктер туралы озінің жас әріптестеріне рахаттана әңгімелейтін. Мұндай қасиет бірге еңбек етстіндердің қыын сәттерде бағыт-бағдарын айқындауына, ішкі көңіл-күйінің қалыпты болуына қолайлы жағдай туғызуши еді, көмек сұраған адамның қолын қағып көрген емес. Ұақытымен санаспай, білегін сыйбанып кірісіп көтегін.

Кейінгі жылдары дін мәселесімен айналыса бастаған еді. Меккеғе оарып, қажы болып келген соң ол кісінің жан-дүниссі тіпті байыды деуге болады. Оның туа біткен табиғи адамгершілік қасиеті бұрынғыдан да арта түсті. Өмірінің соңына дейін ата-бабамыздың мәдени байлықтарын қызықтаудан тайған жоқ. Өткен жылды Ұлытауға барып, Жошы ханының мазарына тәуеп еттіп. Содан әкелген фотосуреттерді елдің бәріне көрсетіп, Жошы хан туралы, Қазақстанның тарихындағы Жошының рөлі туралы әңгімелеп берген болатын.

Біз қырық жылға жуық бір-бірімізбен араласқандықтан оның қызметтегі ғана емес, отбасындағы өмірін де жақсы білеміз. Ол осындағы жайдары мінезінен отбасында да танбады. Бала-шагасының қамқоры, адал жар болды. Мұндай асыл азаматты біздің университеттің ұжымы әрқашан ұмытпай еске алып отырады.

*Облыстық тұтынушилар одагының бас бухгалтері Жарылқасын БИКЕНОВ:*

- Біз досымыз Ермекқали Алмажановтың көзі тірісінде, оның өзінің көз алдында, халықтың алдында дұрыстап айта алмадық па деп өкінемін. Ерекен қадірлі азамат еді.

Онымен біз осыдан отыз жыл бұрын Қара теңіздің жағасында «Оргалық Одактын» «Жұмка» атты демалыс үйінде Зәуреш екеуімен танысқан болатынбыз. Содан бері достығымыз жарасып, тонның ішкі бауындағы араласып кетіп едік. Комиссаров

көшсөндегі (ол кезде Жданов көшесі) көп жыл көрині тұрдық.

Ол Атырау облысында 1940 жылы дүниеге келген. Экесі Алмажан соғыс басталысымен әскерге алынып, содан қайтпай қалғандықтан, не алдында аға, не артында іші жоқ, жетім қалады. Оны анасы Шәумен бірінші сыныпқа ертіс анарғаннан бастап, бірде озінің туыстарының, бірде нағашыларының қолында болып, пансионатта оқып, орта мектепті аяқтайды. Экесінің ізін жалғастырысам, сондай азамат болып есsem екен дең арман етеді. Сол арман жолында алған бетінен қайтпай, қайсаrlықиен талшыныс жасайды. Орта мектептен кейін Атыраудың ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдайды. Одан соң Мәскеудің экономика және статистика институтына оз бетімен барып түседі. Соңда оқып жүрген кезінде әскерге алынып, борышын өтеген соң қайтадан жалғастырады. Сол кезде озі сияқты қазақ мектебін бітірген, орысша оку қындық келтіріп жүрген өзі қатарлы жастарға, озінен кішілерге қамқор болады. Ерекенің талшынысын байқаган институт профессорлары мен доценттері, әсіресе францууз тілінен берегін оқытушы өзінің баласындау тәрбиелейді.

Мәскеуде оқып жүрген кезінде слінен ақша, тамақ салатын экесі жоқ болған соң нағашылары Қайыпқали, Ізғали, Жолдасқали көмектерін көрсетеді. Соның ішінде Қайыпқали нағашысының көмсігі ерекше. Ерекен тек оларға қараға аузын ашып отырмайды, жаз айындағы каникул кезінде Москва-Владивосток поезына жолсерік болып орналасып, жалақы табады, елдің босатқан шөлмектерін жинап өткізіп, бір жылға жететін қаражат жинап, киім-кешек алып, қыс бойы өмір сүреді. Ара-арасында Мәскеудің сұрыптау станциясына барып, вагоннан көмір түсіріп, ақша тауып жүрген кездері де болады.

Тағы бір айта кететін мәселе – сонда жоғары курста оқып жүрген кезінде осы күнгі Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері, ел азаматы Сарыбай Қалмұрзаевқа және басқаларға ағалық қамқорлығын жасаған. Олармен оқыған Бегім Төлспбаев қазір Алматы облыстық статистика департаментінің төрагасы,

Оңалбек Саписев ғылым докторы, Бақберген Досмамбетов сенатор. Бақберген сол институтта оқып жүрген кезінде аскерге алынғанда Ерекең өзі әскерден киіп келген шинелін кітізіп, жақсы тілсін аттандырып салған екен. Кешегі күні іші болған сол белгілі азаматтар және сенатор Мұсірәлі Әтебасев және Тілеуғазы Нұркенов деген азаматтар соңғы сапарға шығарып салуға қатысты. Өз колдарым мен тонырак салды. Мұны сол кешегі Мәскеудегі жас кездеріндегі достыктың қадірін білгендік, адамгершіліктің қадірін билгендік деп түсінуіміз керек.

Ерекең кандидаттық диссертациясын абыраймен көргаш, алғаш табалдырығына аттан кіріп, қызметкер болған Кооператив институтына қаитадан орауы, осында Зәуреш Жантемірқызымен шанырак көтеріп, үй болуы да ұзақ әнгімеге тұрады.

Осы оқу орнында Ерекеңді құрмет тұтатын, бәрі корші тұрган Сәбит Қарашолақов, Салық Куанышев, Қасым Шабаров сияқты жігіттерді інілсерім дейтін. Бірде Қасым институтта кәсіподак комитетінің торағасы болып сайланады. Сонда Ерекең куаныш: «Бастық болдың, енді тезірек үй әперетін шығарсың» деп арқасынан қағыпты. Содан біраз күн өткенде Қасым үйге келіп: «Ереке, мен тексеріп корсем, сізді тортінші стін қате тіркең койыпты. Сіздің кезегіңіз енді жиырма бесінші болды» деген екен. Кейін дүниеден жас кеткен Қасымды еске алып, осы окиғаны айтып отыратын. КЭУ-дің казіргі ректоры Ерқара Киевте аспирантурада оқып жүрісін кезінде экссі қайтыс болады. Оны самолеттен қарсы алып, тонырак салуға бірге барады. Кайтарда бір қой сойып, өзі қатарлы жас жігіттердің басын қосып, уйіне шакырып, қайғысын бөлісіп, аспирант қой, тауып жатқан жалақысы жоқ деп, жігіттерден жинаң, қалтасына ақша салып берген екен. Ол кезде Ерқара Аймағамбетов қарапайым аспирант. Окуын да бітірмеген, оның ол кезде ректор болатынын ешкім де білмейді. Бұл окиғалар оның маңайындағыларға деген қамкорлығының бір мысалы бола.

Сол Ерекең 1993 жылы облыстан барған бір топ діндарлар-

мен бірге күміл мұсылман қауымының жиналатын жері қасиетті Меккеге барып, қажы болып қайтаң соң келесі жылы менің анам Загина 87 жасында Кобетей аульында дүниес салды. Сонда Ерекең анамды жерлең жатқанда әуелі Меккеден әкелиген тоныракты салып еді. Сол оқиға әлі күнгө есімірден кетпейді. Енді соң тонырактан қалған екен, оны анасы мен екеуіш қатар жерлекенде екеуіне де біршін болып, Зәурештің тансыруы бойынша, сол тонырактан салынғыздым. Одан соң туған балдызы Ерболат сонау Атыраудан әкелиген тұган жердің тоныракты салыпиды.

Омірде озі тазалықты жақсы корсетін, шыныстырылған жақсы көрсетін, отірік сөзден жириенстін, ақиқат болса екен дең тұратын, қызметке берілген жап еді. Өзі қызмет атқарып жүрген Қарағанды экономикалық университетіндегі абыраймының асқақтауына қолынан келгеннің комегін жасаған, әр қызметкерінің, әр оқытушы-профессорының, әр студенттің қай жerde болмасын жақсылынын айтты, маған етіп отыратын. Кешегі күні соңғы санарға шыгарып салғанда бүкіл ұжымының, бүкіл студенттер қауымының көзіне жас алған, қабыргасы қайысуы соның дәлелі.

Мен мұндай азаматтардың, жақсылардың аты олмейді дең сапаймын. Атырауда туған Исатай, Махамбеттердің үрганы Арканың белді азаматтының бірі болып кетіп еді. Жолдастыққа дегендеге одан адал жап табылмайтын еді. Осы қалада Сәтбек Үәйісбеков деген азамат пен жақсы араласты. Сол Сәкен дүниес салғанда Ерекең Атырауда болатын. Сол жақтан телефон соғып, оған да Меккениң тонырағынан салғызып еді.

Тағы бір айта кетстің мәселе – қаламызға белгілі Сейілхан-мис жәнс Ғазиратпен құда-құдағи болғандағы олардың арасындағы қарым-қатынас басқаларға үлгі боларлықтай жайеді. Құда сыйлай білудің озі өнер екенін сонда көрдік десек болады.

Кейінгі кезде Ерекеннің тағы бір дөрежесі пайдада болды. Карагандыда тұратын атыраулық жас азаматтар ізделеп келіп,

біреулері өздерінің үйлесу тойларына, біреулері туған күнінс, сінді бірі қызының ұзату тойына, сінді бірі баласының үйлесу тойына шақырады екен. Құда етіп ертіп баратынды шығарыпты. Ерекен соларға кошбасыны болып, алдында жүрестін. Өзінің барлық балдыздарына қамқор болды. Олар «ага» дег сыйлады.

### *Ерекенің құдагы Газирам МЕДЕУБАЕВА:*

- Біз Ермекқали Алмажанұлым мен осыдан бесс жыл бұрын құдай қосқан құда болып едік. Ол өзі бір керсмет таптырмас, есте қалған кезең еді. Қызымыз Элия Ерекен мен Зәукеңнің тұла бойы тұнғышы Әзімханға тұрмысқа шығып, шаңырақ қотергенде екі жақ та қатты қуандық. Біздің Әлиямыздың экесі Секен марқұм мен Ерекен марқұм бірден-ақ жарасын кетіп еді. Екеуінің бойы да, тұлғасы да бірдей еді. Ойлары да бір жерден шығып, бірінсі-бірі өте құштар болып, кездескен сайын керсмет көтерінкі көңіл күйде болатын.

Әттең сол бір ғұмыр қысқа ғана болды. Көп ұзамай, небәрі бір жылдан соң Секен көз жұмды. Сондай ауыр күндерде Ерекен мен Зәуken бізге тірек болып, жанымыздан табылып, көңілімізді аулай білді. Міне, сүм ажал ел-жұртына, жүрген ортасына қадірлі, балаларына аяулы әке, немерлеріне асыл ата, біздерге құрметті құда Ерекенді оргамыздан алып кетті. Бұл қаза жанымызға батып, Зәуken мен ұлдарының қайғысына ортақтасып отырмыз.

Ерекен тек маған ғана емес, менің маңайымдағы үлкен-ді-кішілі жақындардың барлығына қадірлі, қимас бауырдай болып кетіп еді. Керегінде ақылшы да, қамқоршы да бола біліп еді.

Ерекен адам баласын алаламайтын, жаны таза еді. Тірі жан бойынан тек кісілікті, кішілікті көре білетін.

Өзі Атыраудың азamatы болса да, осы Сарыарқаның көптеген жігіттерінің біріне аға болса, біріне іні бола білді.

Тағы бір ерекшелігі – көпшіл еді. Өзінен гөрі өзгеге болсын дейтін асыл азamat еді. Жолдас-жорасы еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, жыртылып-айырылатын. Достары-

на ерекше қадірлі еді. Алғындаі үш үлті ардақты әке, заізыбы Зәуренке сүйікті жар, немерелеріне мейірімді де, шуақты ата еді. Бойына ойы сай, рухани әлемі соңашықты бай болса да қарапайым еді. Марқұмның рухына бас иіп, аруагын құрмеген, жарқын бейнесін есте сақтаған, оның осы қасиеттерін келешекте үринақтарына айтта жүруді өзіміңіц нарызым деп санаімын.

*Мінде, осы айтылғандардай аятуы азамат Ерекең маған да ага болып, отбасымызben сыйластық. Біздің редакциямызben де үзбей қарым-қатынас жасап тұрган болатын. Сонау жыны Меккеге барып, қажы болып қайтқанда жағзған жолжазбасы оқыған жүртітың барлығына ұнады. Одан соң сүйікті агасы Сәтбек Үәйісбеков туралы қашшама мақала жағды. Улытауга барған сапарынан тамаша мақала жекелді. Оны суреттерімен басып шыгардық. Атақты полковник Габдолмәжит Сабралиев агамызben мені тапыстырып, ол кісі туралы «Ақиқатты ашқап азамат» атты очерктиң туышдаудына ықпалын тигізген еді. Ең соңғы рет тамыз айында осы агамыз сексен жасқа келгенде арнағы мақала жағын, ол біздің газетте жарық корді. Бірақ ол кісінің суретін алып кетуге үлгермеді. Тағдыр солай болды...*

## ҰЛЫҚТЫ ІСТЕРДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ



Еңбек медицинасы мен медициналық әкологияның әдістемелік және ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру. Осындай ауқымды шараларды жүзеге асыру үшін 1958 жылы Қарағанды қаласында Еңбек гигиенасы және көсіптік аурулар Қазақ ғылыми-зерттеу институты құрылды. Институт негізінен Орталық Қазақстанда шоғырланған тау-кен, комір және металургия онеркесібі көсіпорындарының жұмысындарына медициналық қызмет көрсету үшін үйімдастырылған еді. Биылғы жылы құрылғанына 55 жыл толып отырған атап алымыш институт әлі күнге дейін басты міндеттін абыраймен атқарып келеді.

Институт құрылғаннан бастап алғашқы директор Зейнолла Қазиұлы Төлегенов 12 жыл басқарған еді. Сол жылдардағы әлеуметтік қыншылықтарға қарамастан, ол кісі институттың іргетасын мықты тұрғызды, соның арқасында бүтінгі зәулім ғимарат тұғырында берік тұр. 1974-1990 жылдар аралығында институтты аса ірі ғалым, жаратылышында бекзат тұлға, академ-

мик Бауэр Ембергенұлы Алтынбеков басқарды. Осы жылдарда институт тек даму үстінде болды.

1990 жылдан 2006 жылға дейін институтты атаксты ақадемик, ақындар «Алғаш Академигі» дес атаған Ғабдулаға Әбдіқожаұлы Құлқыбаев басқарды. Ғабекең аса ірі ғалым еді, ол кісі көле саян әзірлеғен тұлымы багдарламалар арқасында институт қанатын жая дамын, 150-ге тартағадам тұлымы диссертация корғады. Үйымдастыру менеджменттің көремет игерген Ғабдулаға Әбдіқожаұлы қатарданы тұлымни-зерттеу институтын мемлекеттік дәрежелегі Ұлттық орталыққа айналдыра білді. Ол кісіден кейінгі уақытта институт жұмысы сол қоқырағанымен, соңғы 2-3 жыл қолемінде қайта орында көзөн бастан кешіруде. Оған осы Орталыққа белгілі ғалым Іштілеу Аманжолұлының басшылыққа келуі себебі болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіби патология қызметін халықаралық стандарттар негізінде одан әрі дамыту, түрлілік арасында кәсіби аурулардың Мемлекеттік регистрін қалыптастыру шараларын жүргізу жоспарлануда. 2020 жылға дейінгі Қазақстаниң индустріалдық-инновациялық дамуышын Мемлекеттік бағдарламасында ондірісті одан әрі қайта жарақтау, заманауи және қауіпсіз технологиялар мен техникалық қондырылыштарды пайдалану, жұмыс істегенді тұрғындардың денсаулығын коргау саласында халықаралық стандарттарға сатыланған ету қажеттіліктері корсетілген.

Осындай жұмыстарды жүзеге асыруны Іштілеу де ауылдан шыққан казақтың қара домалак баласының бірі. Өмір жолына көз салсақ, 1963 жылы 5 сәуірде Жаңаарқа ауданының Өркендеу аулында өмір есігін ашқан. Оның жастық шағы ауылда есекін қара сирак балалардың өмірінен еш өзгешелігі жоқ. Тек ол кішкене құнінен сабакта алғыр болып оседі, окуын жаксы оқиды. Арқа төсіндегі ажарлы Жаңаарқа слі тұма таланттар мен тарлан қайраткерлерге толы. Киелі топырактың әсері бо-

лар, жастайынан білім мен ғылымға ынтызар болады. 1980 жылы Қаражал қаласындағы №1 қазақ орта мектебін бітіріп, сол жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының санитариялық-гигиеналық факультетіне түссең. Бұғы білім ошағын 1986 жылы тәмамдап, сібек жолын арнағы жолда-мамен барып, Торғай облысы Жападала ауданында бас дөрі-герліктен бағтаиды. Одан кейін медициналық білімнің кара шаңырағы Қарағанды медицина институтында он жыл оқытушылық қызметте болады. Бұл жылдар аралығында мақсатты құндізгі аспирантуралы бітіріп, 1996 жылы Қазақстан Республикасы өсімдіктердің атасынан мемлекеттік түлде кандидаттық диссертация қорғаган. Мұнан кейін ғылыми жұмыстарын сібек гигиенасы мен физиологиясы ғылыми-зерттеу институтында жалғастырып, 2007 жылы докторлық диссертациясын ана тілімізде қорған шыққан. 2004 жылы доцент, 2010 жылды профессор ғылыми атақтарын иеленген. 2010-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде жауапты қызметте болған. 2011 жылдың казан айынан Қазақстан Республикасы Депсаулық сактау министрлігінің Қарағанды қаласындағы Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар үлттүк оргалығының директоры.

Отбасында үлгілі шаңырақтың иесі. Өмірлік жары Салтанат Танашиқызы құрметті ұстаз, ұзак жылдардан бері Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің эпидемиология кафедрасында сабак береді. Үйдің үлкені Нәзэрке, Е.Бекстов атындағы ҚарМУ-ді «қызыл дипломмен» тәмамдап, магистратурада оқуын жалғастыруда. Казақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік мәңгерген заманына сай маман. 2012 жылғы Республикалық «Тілдарын-2012» конкурсының женімпазы. Жадыра болса ҚарМТУ-дің мактанышы, оку озаты. Жеті жасар Парасат мектеп окушысы, үміт күттіреп ұл.

Ізтілеу Аманжолұлы өзі өмір сүріп жатқан қоғамның, өз ғұмырын арнаған кәсіби істің ыстық-суығына бірдей төзіп жүрген азамат. Айналасында болып жатқан әрбір келелі іс,

түйінді мәселе оның нағарынан тыс қалмайды. Мәскеу қаласында шығатын «Медицина труда и промышленная экология» халықаралық ғылыми журналының, еліміздегі шығатын «Еңбекті қорғау. Охрана труда» журналының Редакцияның алқасының мүшесі, «Гигиена труда и медицинская экология» халықаралық ғылыми журналының Бас редакторы, КР Министрлер Кабинеті жаңындағы жұмысының денсаулығы проблемалары бойынша Үйлестіру кеңесінің, Еңбек жөнін халықты алеуметтік қорғау министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің, «Байқоңыр» космодромы іс-арекеттің экологиялық қауіпсіздігі бойынша Қазақстан-Ресей багдарламалары ғылыми-техникалық кеңесінің, Денсаулық сақтау министрлігі ғылыми кеңесінің, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитеті алқасының мүшесі регінде атқаралын жұмыстары ауқымды. Соньмен қатар, Нарламент Мажілісі депутаттарын сайлау участкесінің торагасы, Бүкілжемдік денсаулық сақтау үйімінің Қазақстан Республикасындағы адам экологиясы жөнін сәбек медицинасы проблемалары бойынша үйлестірунің тәрізді жауапкершілігі зор міндеттер мен қогамдық жұмыстарды да атқарауды.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Әтілеу Аманжолұлы Аманжолдың тынысыз еңбегі бағаласын қалған жок. Ол Еуропа Жаратылыс тану академиясының академигі атагын иеленген, КР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» тосбелігісімен, ғылыми жетістіктері үниїн Роберт Кох атындағы халықаралық медальмен, тағы басқа да мәргебелі атақтармен марағатталған.

Әтілеу Аманжолұлы әр түрлі басынымдарда жарияланған 183 ғылыми сәбектің авторы, олардың ішінде 20-дан астам методикалық құжат, 1 патенталық жөні 1 авторлық күзілік, студенттерге ариалған 2 оқу құралы, 1 методикалық әдістеме, 1 түсіндірме создік, ғылыми нысанға авторлық құқығы мемлекеттік тіркелген 2 күзілік, «Еңбек гигиенасы» (2 томдық) бойынша басшылық құралы, 4 монография бар. Оның бас-

шылығымен медицина ғылымдарының 6 кандидаттық диссертациясы және 1 магистрлік диссертация солтү қоралған және Бас редактор ретінде 2 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарының (2011, 2012 жж.) жинақтарын шығаруға басылық жасаған.

- Қазіргі таңда Ұлттық орталықтың ғылыми ізdeiстерін 22 ғылым докторы, 40-тан астам ғылым кандидаты, 100-ден астам ғылыми қызметкер атқаратының ескереск, олардың ішінде Айгүл Ілемаилова, Айгүл Аманбекова, Айман Мусина, Жарас Сембаев, Сайлаубай Онаев, Нәйлө Дүйсембаева, Марал Отарбаева тәрізді ғылым докторлары, Әрхан Әбітәев, Диңара Құрманғалиева, Маңғаз Даана Фазылова, Сәулө Ақынжанова тәрізді лаборатория, болім мендеринің және тағы басқалардың ерсін сибектері маңтапуға түрарлық. Бұл ғалымдардың басты сибектері медицина ғылымын қамытуға ариналғанымен олар елімізде орын алған түйткіл мәселелердің баріне де өзінше ат салысады. «Протон» зымырантасының біздің облыс жерінде екі рет құлаған кезде аяғтың зардантарын жою жөнінде институт ғалымдары әр түрлі экспедициялар құрамында 10 жылдан бері таімай сибек етуде. Бұл халықтың денсаулығы үшін аса қажетті маңызды іс. Қорнаган ортандың қордалған мәселелерін шешуде Ұлттық орталықтың алғаш орны срекшис. Өндірістер шогырланған ірі қалалардың экологиясы, Ергіс, Нұра, Сарысу, Есіл озендері сұнынын сапасы мен суасты жолының тазалығы, Арад тенізі аймағы халқының медициналық проблемалары, ірі кәсіпорындардағы сибек даулары, жұмыс істеуші тұрғындардың денсаулығы, зиянды жұмыс орындарын аттестаттау, өндірістік-экологиялық мониторинг жүргізу сияқты мәселелердің барлығы да республика деңгейінде біздің институттың ғылыми-тәжірибелік әлеуетінің арқасында атқарылып жатады. Осындай аса маңызды мәселелерді шешу жолында Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығының ұжымы өздерінің жоғары ғылыми әлеуетінің қалыптасқан жағдайында, жылдар бойы жинақталған

мол тәжірибе пегізінде және ұжымның аса үйымшылдығы мен ұйымдастыру менеджменттің жоғары деңгейі арқасында алға қойған міндеттемелерін абыраймен атқара беретіндігіне сендерігім келеді, дейіді ұжым басшысы, бүгінде ердің жасы елуге қадам басқан Ізтілеу Аманжол.

Иә, белгілі ғалым, ұжымдағы бүгінгі атқарылыш жатқан ұлықты істердің үйіткесі Ізтілеу Аманжолұлына тек сәттілік тілөгөннесін баека айттарымыз жоқ.

**2013 жыл, соуір.**

## ЛІЦЫЛДАҒАН АҚЖҮРЕК АҒАМЫЗ



Біз Ерекеңмен көнәңгім елестік. Жақсы адаммен әңгімелескенің ой жарты бақыт. Осы біздің облыста Ерекеңді, Е.Бекетов атындағы ҚарМУ-дың тарих факультетіндегі доцент Ермек Конбайұлы Адамбековтің білмейтін адам жоқ деп айттуға әбден болады.

Сөzdі әдестегі «Непі жақсы корсесіз?» деген сияқты жаттанды сұрақтардан бастауға болушы еді. Бірақ бұл кісінің қандай жауап беретіндігін біліп отырмын. Сондықтан да:

– Эскерде болдыныз ба?

деген сұрақтан бастадым.

– Эринес болым. Карагандыдағы № 26 орта мектептің бітірген жылы жаз айында, әлі ссімде, шілденің 7-і күні әскерге алып кетті. Сол жылы егін бітік шыққан. Көкшетау облысының Володар ауданына келіп, егін жинауға қатыстық. Қазақстанның алғашқы миллиард пүт астығы сол жылы жиналышп, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалін омырауыма қададым. Коныр күзде Бресс қаласына жіберді, одан соң Львов қаласына ауыстым.

Бұдан соң: «Кандидаттық диссертацияның кандай тақырында коргадысыз?» – деп сұраймын деп оқшалдым. Бірақ сұрамадым. Ойткені, бұл сұраққа жауапты ол кісі әскер қатарынаң келіп, ҚазМУ-дың тарих факультетіне түскенінен бастаған, оны бітірген соң Сарандагы Абай атындағы педагоги-лише бір жыл қызмет атқарып, облыстық партия комитетіндегі үшінші националь болімінде лектор болғанын, 1973 жылы Мәскеудегі СОКП Органың Комитеті жашындағы Қогамдық ғылымдар академиясына жіберіліп, оны бітіргендегі «Дамыған социализм жағдайындағы ауыл шаруашылының жұмысшыларының мәдени-техникалық деңгейін көтеру» деген тақырында диссертация қорған, тарих ғылымдарының кандидаты атагын алғын шыққанын айттар еді.

Мен енді:

«Он салғанды үнатасыз ба? – деп сұрадым.

– Үнатаңдаңда кандай! – деп жашын түсті Ерекен. Ба-яғыда... Иә, баяғы болыш кетті ғой. Әскерде жүрген кезімде Львов қаласында мыңдан астам адам сиятын опера және балет театрында домбырамен «Ақкүм» және «Қалқа» ондерін шырқағанмын. Бізben бірге бір қыргыз жігіті болды. Сол домбыра істен берген. Соны тартып, қазармада олең айтып отыр едім, Ливенцов деген командиріміз кіріп келді. Соңда ол қараш тұрып: «Мынадай дауысмен сахнада он шырқау керек қой», – деген еді. Ақыры әскери слуг кезінде ел алдына шықтым. Сол сәт әлі күнгө дейін сссрмен кетпейді. Қазақтарды жоңді білмейтін україндықтар қазақ әнін тыңдан, дүбірлесте қол соққапы бар.

«Отбасының туралы айтып беріңіш?» – деп сұраңыз, ол кісі жұбайы Сырға Мырзаханқызының Караганды экономикалық университетіндегі әлсұметтік пәндер кафедрасында аға оқытушы, үй болғандарына 34 жылдан асқанын, үлкен ұлы Мұхтар облыстық әкімдікте бас маман екендігін, кіші ұлы Даурен әскер қатарында екендігін, екеуінің де заң факультетін

бітіргендігін, үлкен ұлынаш екі немерे коріп отырғанын айтар еді. Мен болсам ол кісінің інілсерін - Досбектің заңастагы полковник, Комектің заңастагы подполковник, ал Бітімбектің ҚарМУ-де доцент, тарих ғылымдарының кандидаты екендігін бұрыншан білсегімін. Ерекеңің торт қарындасы да әр жерде кызмет атқарады екен.

Өміріңізде есте қаларлықтай қандай қызықты оқиғалар болды? – дес сұрадым.

Әуелі ол кісі ойланып отырып қалды. Әлгі Львовта қазақ әндөрін шырқағапын айтты. Содан соң ғана:

-- Иә, бір окиға есімсі түсті, - деді қуаныш кетіп. Мәскеуде оқып жүрген кезімде Қарағандыға үшамын ден байқамай Краснодарға өтіп кеткенім бар. Домодедово әуежайына келсем, Қарағандыға ұшатын ұшаққа отырғызу аяқталғанын хабарлап жатыр екен. Жүгіріп барып билістімді тіркеттім де, үшү аланына пықсам, скі ұшақ қатарына тұрып алып, қалақтарын енді ғана айналдыра бастағты. Есіктің айдында тұратын аэропорт киіміндегі қызы біреуіне қарай сұлтеп жіберуді. Жүгірген беті мініп кеттім. Дереу есікті жауып алды. Кон үзамай үша жонелдік. Стюардесса келіп, билістімді тексеріп, козі атыздай болды. «Бұл Қарағандыға бармайды» дейді. Бір үшінші кеткен соң мен үшін кайтын қонсып ба, еріксіз Краснодарға барып, Минеральные воды арқылы Қарағандыға келдім. Осы окиға да әлі есімнен кетпейді.

Ерекеннің ұмытпай жүрген басқа да оқиғалары баршылық екен.

Облыстық партия комитетінің лекторлар тобына жетекшілік етіп жүрген кезі болса керек. Ол кездес іс-сапарда жиі болады. Жыл сайын 120-130 күн үйде болмайды екен. Қарағанды облысының бүкіл кеншарлары мен олардың бүкіл бөлімшелерін аралайтын кез. Бір күні Жанаарқа ауданынан келе жатқанда, жолшыбай бір танысы «Волганың» жүк салғышына бір қойды салып береді ғой. Орта жолда Ерекене «Осы қой өліп қалған жоқ па екен?» деген ой келеді. Тоқтап, жүк салғышты ашып

